

## **Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 40-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулық;

2) Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереже;

3) Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 1 қыркүйектегі  
№ 590 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулық**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 40-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту кезінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыру саласындағы заңнаманың қолданылуын нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулық барлық мемлекеттік органдарға қолданылады.

3. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) мемлекеттік орган туралы ереже (бұдан әрі – ереже) – қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

2) мемлекеттік органның өкілеттіктері – мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттері.

## 2-тарау. Ережені әзірлеу және бекіту

4. Ережені әзірлеу, сондай-ақ оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін:

- 1) мемлекеттік органның құрылуы;
- 2) мемлекеттік органның қайта ұйымдастырылуы, атауының өзгеруі;
- 3) мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктер мен құзыреттердің қайта бөлінуі;
- 4) мемлекеттік органға жаңа өкілеттіктердің берілуі, мемлекеттік орган өкілеттіктерінің кеңеюі (азаюы) және (немесе) алып тасталуы;
- 5) мемлекеттік органның және (немесе) оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдар тізбесінің өзгеруі және (немесе) толықтырылуы негіз болып табылады.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген негіздер болған кезде, егер нормативтік құқықтық актілер мен тапсырмаларда өзге мерзімдер белгіленбесе, мемлекеттік орган бір ай ішінде тиісті ереже не ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобасын әзірлейді.

6. Ереже Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеге сәйкес әзірленеді.

7. Ережені әзірлеу немесе оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген негіздер болған кезде ережені әзірлеуге немесе оған түзетулер енгізуге жауапты болып айқындалған құрылымдық бөлімше мемлекеттік орган басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның не мемлекеттік орган аппараты басшысының немесе белгіленген тәртіппен аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамның тапсырмасы бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен ереженің тиісті жобасын заң қызметімен келісу бойынша әзірлейді.

8. Ереженің жобасы мүдделі құрылымдық бөлімшелермен, мемлекеттік органның бірінші басшысының жетекшілік ететін орынбасарларымен не мемлекеттік орган аппаратының басшысымен немесе мемлекеттік органның аппаратын басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адаммен келісіледі және мемлекеттік органның бірінші басшысына немесе оның алқалы органына (болған кезде) келісуге немесе қабылдауға енгізіледі.

Ереженің жобасы осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоба мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберіледі.

Мемлекеттік органдардың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

## Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереже 1-тарау. Жалпы ережелер

1. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның толық атауы (бұдан әрі – мемлекеттік органның қысқаша атауы)

\_\_\_\_\_ саласындағы (салаларындағы) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

мынадай ведомстволары бар (бар болса):

1) \_\_\_\_\_;

2) \_\_\_\_\_;

3) \_\_\_\_\_.

3. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. \_\_\_\_\_ азаматтық-құқықтық қатынастарды

(мемлекеттік органның қысқаша атауы) өз атынан жасайды.

6. \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасының

(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. \_\_\_\_\_ құрылымы мен штат санының  
(мемлекеттік органның атауы)

лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: \_\_\_\_\_.

10. Осы ереже \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

құрылтай құжаты болып табылады.

11. \_\_\_\_\_ қызметін қаржыландыру  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. \_\_\_\_\_ кәсіпкерлік субъектілерімен  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

\_\_\_\_\_ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер \_\_\_\_\_ заңнамалық актілермен кіріс  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. \* Мақсаттары:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

14. Өкілеттіктері:

1) \* \* құқықтары:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

2) \* \* \* міндеттері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

15. \*\*\*\* функциялары

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Ескертпе:

\* мемлекеттік органның мақсаттары деп мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары түсініледі;

\*\* мемлекеттік органның құқықтары деп белгілі бір іс-қимылдар жасау, басқа тұлғадан (басқа тұлғалардан) белгілі бір мінез-құлықты (іс-қимылдарды немесе іс-қимылдар жасаудан тартынуды) талап ету мүмкіндігі түсініледі;

\*\*\* мемлекеттік органның міндеттері деп мемлекеттік орган орындауға міндетті іс-қимылдар шеңбері түсініледі.

Мақсаттар мен өкілеттіктерді іске асыру мемлекеттік органдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттер шегінде жүзеге асырылады;

\*\*\*\* мемлекеттік органның функциялары деп мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде қызметті жүзеге асыруы түсініледі.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың (бар болса) бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. \_\_\_\_\_ басқаруды  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

бірінші басшы жүзеге асырады, ол \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. \_\_\_\_\_ бірінші басшысы  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. \_\_\_\_\_ бірінші басшысының  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. \_\_\_\_\_ бірінші басшысының өкілеттіктері:  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бірінші басшысы болмаған кезеңде

(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. \_\_\_\_\_ аппаратын Қазақстан Республикасының  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы немесе лауазымды тұлға \_\_\_\_\_ басқарады. (лауазымды тұлғаның атауы)

22. Мыналар \_\_\_\_\_ алқалы органдары (бар болса)  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

болып табылады:

\_\_\_\_\_ (алқалы органдардың қысқаша атауы)

\_\_\_\_\_ өкілеттіктері:

(алқалы органдардың қысқаша атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

23. \_\_\_\_\_ заңнамада көзделген жағдайларда  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

\_\_\_\_\_ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік,  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

24. \_\_\_\_\_ бекітілген мүлік  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)

республикалық/коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның атауы)

өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. \_\_\_\_\_ қайта ұйымдастыру және  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)  
тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

\_\_\_\_\_ және оның ведомстволарының  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)  
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_ және оның ведомстволарының  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)  
қарамағындағы аумақтық органдардың бөлімшелерінің тізбесі

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_ және оның ведомстволарының  
(мемлекеттік органның қысқаша атауы)  
қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 1 қыркүйектегі  
№ 590 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 40-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту немесе оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу (бұдан әрі ереже, ережеге өзгерістер) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – бөлімше) – мемлекеттік орган қызметінің нақты бағытын іске асыру мақсатында мемлекеттік

органның белгілі бір міндеттері, функциялары және өкілеттіктері жүктелетін мемлекеттік органның құрамдас бөлігі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту тәртібі**

3. Ережені әзірлеу немесе оған өзгерістер енгізу үшін:

1) құрылымдық өзгерістер – бөлімшенің құрылуы, қайта құрылуы, атауының өзгеруі, бөлімшеге басқа бөлімшенің бір бөлігінің немесе толығымен қосылуы және (немесе) басқа бөлімшеге қосу үшін бөлімшенің бір бөлігінің бөліп шығарылуы;

2) бөлімшеге жаңа өкілеттіктердің берілуі немесе өкілеттіктердің алып тасталуы, сондай-ақ бөлімшелер арасында міндеттердің, функциялар мен өкілеттіктердің берілуі, қайта бөлінуі;

3) басқа бөлімшеге қосу үшін бөлімшенің бір бөлігінің бөліп шығарылуы;

4) бөлімшеге жаңа өкілеттіктердің берілуі немесе өкілеттіктердің алып тасталуы, сондай-ақ өкілеттіктердің басқа бөлімшеге берілуі негіздер болып табылады.

4. Осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген ережені әзірлеу немесе ережеге өзгерістер енгізу үшін негіздер туындаған кезде ережені әзірлеуге немесе ережеге өзгерістер енгізуге жауапты болып айқындалған құрылымдық бөлімше мемлекеттік орган басшысының немесе мемлекеттік орган аппараты басшысының немесе мемлекеттік орган аппаратын басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамның тапсырмасы бойынша мүдделі бөлімшелермен бірлесіп мемлекеттік органның құқықтық актісінің (бұдан әрі – акт) тиісті жобасын әзірлейді.

Ережені осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейтін мемлекеттік органның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерін, сондай-ақ аумақтық органдарын қоспағанда, ереженің жобасы немесе ережеге енгізілетін өзгерістердің жобасы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді.

5. Ереженің жобасы немесе ережеге енгізілетін өзгерістердің жобасы мүдделі құрылымдық бөлімшелермен, заң бөлімшесімен және мемлекеттік органның бірінші басшысының жетекшілік ететін орынбасарларымен келісуге жіберілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде келісіледі және бекітуге енгізіледі.

6. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ережені немесе оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті тұлға бекітеді.

Мемлекеттік органның  
құрылымдық бөлімшесі туралы  
ережені әзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ереже 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің атауы)

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Құрылымдық бөлімше өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Құрылымдық бөлімшенің құрылымын және штат санын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен штат санының лимиті шегінде мемлекеттік органның уәкілетті лауазымды адамы бекітеді.

4. Құрылымдық бөлімше\*:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_ тұрады.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

5. Мақсаты:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

6. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

7. Функциялары:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

Ескертпе:

\*осы тармақты мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің құрамына кіретін бөлімшелері бар құрылымдық бөлімшелер толтырады.

## **3-тарау. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің қызметін ұйымдастыру**

8. Құрылымдық бөлімшенің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік

құқықтық актілеріне сәйкес өз міндеттерін іске асыру үшін қажетті құқықтары мен міндеттері болады.

9. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшы басқарады.

10. Заңнамада белгіленген жағдайларда мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (орынбасарлары) болады.

11. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы құрылымдық бөлімшенің қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады, оған жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

12. Құрылымдық бөлімшенің басшысы мемлекеттік органның басшылығына құрылымдық бөлімшенің құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныстар береді.

13. Құрылымдық бөлімшенің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға құрылымдық бөлімшенің басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оны алмастыратын адам қол қояды.

Мемлекеттік органның  
құрылымдық бөлімшесі туралы  
ережені әзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ аумақтық органдары туралы ереже 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/  
аумақтық органының атауы)

\_\_\_\_\_ саласында (салаларында) басшылықты жүзеге асырады.

2. \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/  
аумақтық органының атауы)

өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/  
аумақтық органының атауы)

мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: \_\_\_\_\_

9. Мемлекеттік органның толық атауы – " \_\_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

құрылтай құжаты болып табылады.

11. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

кәсіпкерлік субъектілерімен \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2-тарау. Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органының мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

\_\_\_\_\_;  
\_\_\_\_\_;  
\_\_\_\_\_.

14. Құқықтары мен міндеттері:

\_\_\_\_\_;  
\_\_\_\_\_;  
\_\_\_\_\_;  
\_\_\_\_\_.

15. Функциялары:

1) \_\_\_\_\_;  
2) \_\_\_\_\_;  
3) \_\_\_\_\_.

**3-тарау. Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органының қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

басқаруды \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. \_\_\_\_\_ басшысының өкілеттігі:

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

\_\_\_\_\_ ;

\_\_\_\_\_ ;

\_\_\_\_\_ .

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органының мүлкі**

21. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

\_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

бекітілген мүлік республикалық/коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, \_\_\_\_\_,

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органның ведомствосын немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесін немесе аумақтық органын қайта ұйымдастыру және тарату**

24. \_\_\_\_\_

(мемлекеттік орган ведомствосының/ ведомствосының аумақтық бөлімшесінің/ аумақтық органының атауы)

қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Ведомствоның қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1125 қаулысы.

2. "Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1672 қаулысы.

3. "Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1125 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 932 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 886 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы.

5. "Мемлекеттік орган туралы үлгі ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағиданы бекіту туралы" 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1125 және "Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" және 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1672 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 наурыздағы № 93 қаулысы.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 16 және 18-тармақтары.